



МУХТАР ҚАЗАЛЫ



№60
(2125)
Сенбі
1 шілде
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында 28 маусым – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің мерекесіне арналған шара өтті.

Жиынды аудан әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтау сөз сөйлеп ашып, журналистер қауымына жылы лебізін жеткізді.

- Белгілі қоғам қайраткері, ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» дегені сөзі бар. Сіздердің елдің ертеңі үшін жұмыс істеп, бар қажыр-қайраттарыңызға, күш-жігерлеріңізге, ерен еңбектеріңізге халықтың да

берер бағасы шынайы деп білемін. Әсіресе, қоғамдық пікірді қалыптастырушы рөлін атқарып келе жатқан баспасөз қызметкерлеріне артылған жүк ауыр.

Себебі, жаһандық жаңғыру кезеңінде халықтық атмосфераның барометрі болу, адамзат баласын ортақ мүддеге жұмылдыру журналистердің еншісінде. Мерекелеріңіз тағы да құтты болсын!

Шығармашылықтарыңызға шабыт, отбасыларыңызға бақыт, береке-бірлік тілеймін!, - деді аудан басшысы.



Мұнан соң ардагер журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сахи Бахиұлын ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапаттады. Сондай-ақ, аймақтық «Тұран-Қазалы», аудандық «Қазалы» газеті редакциясының ұжымдарына және бірқатар сала мамандарына аудан әкімінің «Құттықтауы» мен «Алғыс хатын» табыстады.

Мерекелік жиында аймақтық «Тұран Қазалы» газетінің бас редакторы Раушанбек Сейтенов, ардагер радиожурналист Ордабай Аяпбергенов, ардагер журналист,

Сахи Қапар және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Кемал Көпжасар лебіздерін білдірді.

Мерекелік жиында газетіміздің оператор-дизайнері Жұлдызай Жылқайдар мен серіктестіктің есепшісі Фариза Жұбанова аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Басқосуда мереке иелеріне арнап аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары ән салып, ерекше көңіл-күйге бөледі.

Айта кетейік, шара барысында сала ардагерлеріне аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың арнайы сыйлықтары таратылды.

АУДАН ӘКІМІ ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫ, ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалы қаласына арнайы барып, тұрғындармен кездесті.

Қ.Ерімбет атындағы саябақта өткен басқосуда Мұхтар Әуесұлы ең әуелі жыл басынан бері ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып, алдағы жоспарларымен де бөлісті.

Кездесу барысында қала тұрғындары тарапынан бірқатар ұсыныс-пікірлер айтылды. Атап айтсақ, жарық, жол, тазалық және жайылымдық жерлердің мәселесі көтерілді. Мұнан бөлек, қала шетіндегі арықтарға аяқсу апару қажет екендігін және қоғам белсендісі игі істерге ұйықты болған марқұм Жәнібек Жұбанғановқа марапат алып

беруді жеткізді.

Аудан басшысы өз кезегінде тұрғындар тарапынан жеткізілген ұсыныстардың барлығы орынды екенін айтып, аталған мәселелерге жеке-жеке тоқталып өтті.

Жиын соңында тұрғындар аудан көлемінде атқарылған істердің барлығына ризашылықтарын білдіріп, алдағы атқарылатын жұмыстарға сәттілік тіледі.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентінің тұрғындарымен кездесіп, талап-тілектерін тыңдады.

«Жеңіс» саябағында өткен жиында Мұхтар Әуесұлы ең әуелі жиылған көпшілікті қасиетті

Құрбан айт мерекесімен құттықтады. Мұнан соң жыл басынан бері ауданда атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды тілге тиек етіп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Ұсыныс-пікірлерге кезек келгенде тұрғындар өздерінің мұң-мұқтаждарын аудан басшысының назарына ұсынып, ойларын ортаға салды. Нақтыласақ, бірнеше көшеге жаяу жүргіншілер жолы қажет екені, жол жайы және түнгі жарықшамдар орнату мен ауыстыру мәселесі көтерілді.

Сонымен қатар тұрғындар аудандағы биылғы асфальтталған көшелерге жол белгілерін көптеп орнату керектігін, қоғамдық көліктің

уақытылы қатынауын бақылауды және тағы бірқатар өзекті мәселелерді аудан басшысының назарына салды.

Мұхтар Әуесұлы тұрғындардың талап-тілегі ескерусіз қалмайтындығын, қажетті шаралар бірлесіп атқарылатындығын жеткізді. Сондай-ақ, айтылған ұсыныстарға байланысты жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Басқосу соңында Әйтеке би кентінің тұрғындары аудан көлеміндегі атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ ТОЙЛАНДЫ

Қазалыда күллі мұсылман қауымы асыға күткен мерекенің бірі - Құрбан айт мейрамы тойланды.

Аудандық «Жанқожа ба-тыр» атындағы орталық мешітте ұйымдастырылған шарада 150 адамға арналған дастархан жайылып, киіз үйлер тігілді.

Шараға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев арнайы барып, қазалылықтарды Құрбан айт мерекесімен құттықтады.

- Құрбан айт мерекесі - адамдардың бір-біріне өзара мейірімді, қайырымды болуын насихаттайтын, ізгілік пен имандылыққа үндейтін, ұлт пен ұлысты ұйыстырып, халықтарды жақындастыратын қасиетті мейрам.

«Талап – пендеден, қолдау – Тәңірден» дейді дана халқымыз. Талап-ты азаматтарымыздың ізгі істері оңға басып, құлшылық еткен әрбір адамның

ыстық-ықыласы Алладан қолдау тап-сын.

Алла Тағала барлық дұға-тілектеріңізді, шалған құрбандықтарыңызды қабыл етсін! Әрдайым еліміз аман, жұртымыз тыныш, болашағымыз жарқын болсын!, - деді аудан басшысы.

Таң сәріден басталған мере-ке қарсаңында тұрғындар арасын-да ұлттық ойындардан сайыстар өтті. Нақтыласақ, бір тасын көтеру, қол күресі, арқан тарту, ләңгі тебу және асық ату бойынша тартысқа түсті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов құттықтап, арнайы сыйлықтармен марапаттады.

Айта кетейік, мереке аясында бүлдіршіндер тегін тәттілерден дәм та-тып, қуанышқа кенелді.

Хабарландыру

Елді мекендердің санитарлық тазалық жағдайын жақсарту және оларды тазалық, көркейту-көгалдандыру шараларына ынталанды-ру мақсатында Қызылорда облысының елді мекендері арасында «Үлгілі елді мекен» конкурсын өткізу бойынша Ереже жобасы әзірленіп, Облыс әкімінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 630-өкімімен Қызылорда облысының елді мекендері арасында «Үлгілі елді мекен» конкурсын өткізу Ережесі бекітілген болатын.

Осыған байланысты, аудан көлемінде құрылған сарапшылық комиссияның шешімімен «Үлгілі ауыл» және «Үлгілі аудан орталығы» номи-нациялары бойынша елді мекендерді көркейту, көгалдандыру және абаттан-дыру жұмыстарының параметрлеріне сәйкес 3 елді мекен және 1 аудан орталығы ұсынылды.

Атап айтқанда, «Үлгілі аудан орталығы» номинациялары бойынша

«Әйтеке би кенті» әкімінің аппараты 1 орынға, «Үлгілі ауыл» номинациялары бойынша «Қарашенгел ауылдық округі» әкімдігі 1 орынға, «Өркендеу ауылдық округі» әкімдігі 2 орынға, «Майлы-бас ауылдық округі» әкімдігі 3 орынға ұсыныс берілді.

Конкурс талаптарына сәйкес, елді мекендерде фото және видео слайд әзірленіп атқарылып жатқан жұмыстары Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты реттеуді пайдалануды басқармасына тиісті құжаттары 2023 жылдың 15 ма-мыры күні (фото, видео, слайд) табы-сталды.

Облыстың конкурстық комиссиясының қорытындысы ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін шығарылатын болады.

Конкурс жеңімпаздарын марапат-тау үшін облыстық бюджеттен келесі сыйлықтарға және объектілер салуға қаржы бөлінеді:

Конкурста ие болған орын	«Үлгілі аудан орталығы» номинациясы бойынша ынталандыру сыйлығы	«Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша ынталандыру сыйлығы
I орын	Қалдық тасымалдаушы «МАЗ» жүк көлігі	Жер қазушы трактор
	Арнайы жол тазалағыш «КАМАЗ» көлігі	Жүк тасымалдаушы көлігі
	Ассенизатор машинасы	
	Кран манипуляторы	
II орын	Қалдық тасымалдаушы «МАЗ» жүк көлігі	Жер қазушы тракторы
	Жол тазалағыш тракторы	Тіркеме
	Ассенизатор машинасы	
III орын	Ассенизатор машинасы	Трактор
	Жол тазалағыш тракторы	

Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Басы. Соңы 4-бетте

Мамандық таңдау – болашағыңды бағамдау және оның іргесін қалау деген сөз. Дәл қазіргі қоғамда мамандық таңдау өте үлкен мәселе. Адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, жүрегінің қалауына сүйенуі керек. Әлемде 40 мыңға жуық мамандық түрлері бар екен. Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас тұлғаның алдында қаншама мамандықтан өзіне лайықтысын таңдау міндеті тұрады. Кейбіреуі мамандық таңдау ережесін білмей шалыс басып та жатады. Көбіне мамандық таңдауда ата -ана басты се-бепкер болады.

Кез келген ата-ана баласының жақсы маман болғанын және жақсы ақша та-уып, жағдайын жасағанын қалайды. Соңғы онжылдықта тұлғалардың жар-тысынан көбі заң және экономика са-ласына оқуға тапсырған. Нәтижесінде елде тұрақты бір заң қалыптасқан жоқ, тіпті қазақтілді толыққанды заңды да жаза алған жоқ. Экономика саласын айтпаса да болады.

Түлек мамандық таңдауда тек ата-анамен ақылдасу керек. Ал оның нақты қандай мамандықты таңдайтынын оның өзі шешуі керек.

Жақсы баға алатын пәнді мамандығым деп түсіну



Хабарландыру

ШЕБЕРЛІКТІҢ ШЫҢЫНА ЖЕТЕ БІЛСЕҢДЕР, МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ!

«Қазалы гуманитарлық – техникалық колледжі» білім беру мекемесі Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі өндірістік, техникалық және әлеуметтік-экономикалық салаларына білікті техникалық, экономикалық және кәсіптік мамандар даярлау үшін құрылған білім беру мекемесі. Мемлекеттік лицензия KZ50LAA00004539.

Колледж төмендегі мамандықтар бойынша, негізгі орта білім 9 сынып негізінде күндізгі бөлімге, ал жалпы орта білім (11 сынып) негізінде күндізгі және сырттай бөлімдерге құжаттар қабылдайды:

№	Шифр	Мамандықтың аты	Оқу мерзімі	
			9 сынып	11 сынып (күндізгі, сырттай)
1	01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту		
	4S01120102	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі	3 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай
2	01140500	Дене тәрбиесі және спорт		
	4S01140501	Дене тәрбиесі мұғалімі	3 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай
3	01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі		
	4S01140101	Бастауыш білім беру мұғалімі	3 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай
4	07130200	Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)		
	4S07130202	Техник - электрик	3 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай
5	10410400	Жол қозғалысын ұйымдастыру		
	3W10410401	Жол инспекторы	2 ж. 10 ай	1 ж. 10 ай
6	06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)		
	4S06130103	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	3 ж. 6 ай	2 ж. 6 ай
7	06120100	Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)		
	4S06120102	Желілік және жүйелік әкімшелеңдіру технигі	3 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай
8	05220100	Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша)		
	4S05220102	Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының технигі	3 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай
9	08410100	Ветеринария		
	4S08410105	Ветеринарлық фельдшер	3 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай
	4S08410104	Ветеринарлық техник	3 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай

Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырыс (грант) бой-ынша 9-сынып негізінде 06130100- Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша), 06120100- Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойын-ша), 07130200- Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша) мамандықтары бойынша оқуға шақырамыз.

Колледжде оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған:

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға-50%,

- көп балалы отбасынан шыққан талапкерлерге және ата-анасының біреуі жоқтарға, 5-10%

Қажетті құжаттар тізбесі:

1. Колледж директорының атына өтініш
2. Жеке куәлік, туу туралы куәлік көшірмесі,
3. Куәлік, аттестат, диплом (түп нұсқасы) қосымшасы
4. 3x4 сурет 6 дана
5. №086-У

Құжаттарды қабылдау мерзімі:

Күндізгі бөлімге: 20 маусым – 20 тамыз аралығы;

Сырттай бөлімге: 20 маусым – 20 қыркүйек аралығы.

Мекен-жайымыз: Әйтеке би кенті , Достық көшесі, №66А, тел: 27-2-32, 8701 983 25 70, 8747 795 87 47

Маршрут: № 2

ІЗГІЛІКТІ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

Киикбай Шамшаұлы 1935 жылдың 1 қаңтарында «Аранды» ауылдық округінде дүниеге келіп, сол тұстағы құрбы-құрдастары сияқты жұқалтаң тұрмыстың таршылығы мен тауқыметін бастан кешіреді. Аста-төк ас пен үлде мен бұлдеге бөлене киіну дегеннің бұлар үшін ертегідегі аңыздай көрінетін. Әйтсе де елмен ептесе өмір сүріп, алдағы күндерге көп үміт артудан танбай, барлығына шүкіршілік ететін.

Кеңес Армиясы қатарындағы әскери борышын өтеу үстінде Ұлы Отан соғысына алынған асқар тау – әкенің қапыда майдан ортасында шейіт кетуі өлместің күнін кешкен шаңырақты шайқалтып жібереді. Тосын жайт отбасындағы балалардың үлкені- Киикбайды ерте есейтті. Оң-солын енді тани бастаған бозбала арқа сүйер анасы – Алмажанға қолғабыс көрсетіп, ізіне ерген інілері Бөкенбай мен Төлегенге қамқор қолын созудан аянып қалмайды.

Қожабақы аулындағы №25 орта мектепті 1952 жылы аяқтаған білімге ынтық жас Жаңабержен, Алданияз атты ауылдас достарымен бірге Алматы қаласына аттанады. Талмай талаптануының арқасында сондағы физкультура техникумына студенттікке қабылданады. Үш жылдан соң қолына арнаулы диплом алып, қазіргі Бекарыстан би аулындағы №24 орта мектебінде денешынықтыру пәнінің мұғалімі болып алғашқы еңбек жолын бастаған. Осы тұста сол кезеңдерде аталған білім ордасының бастауыш сыныбында оқыған менің де ағайдың тәлім-тәрбиесін көргенімді шәкірттік мақтаныш сезіммен айта кеткенім жөн болар. Бұл салада 1955-1969 жылдары қызмет еткен онан дәріс алған жүздеген оқушылары өз ісінің маманы, ауылға асарлатып спорт зал салдырған ұстаз ретінде мәңгілік жүректерінде сақтай берері айдан анық.

Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтынан биолог мамандығын алған Киекеңе 1969 жылдың жазында Карл Маркс атындағы совхоздағы (осы күнгі Бекарыстан би аулы) бас агрономдық кәсіптің тұтқасын ұстауға ұсыныс түседі. Келісімін беріп, жүрек қалауымен барған шаруаға «әп» дегеннен жастық жалынмен бел буа кіріседі. Таңнын атысынан, күннің батысына дейін дарқан дала төсінен көрінеді.

Ұқсата білген – ұтады. Аз ғана мезетте шаруашылық бойынша сыр маржанын жинау көрсеткіші жоғарғы деңгейге көтеріле бастайды. Шүкірәли Отарбаев, Аймахан Алмағанбетов, Кәкіш

Нағыманов, Бали Ұйқасов тәрізді күрішшілер мол өнімші озаттар сапына ілігеді. Өндіріс өрісі кеңейіп, саф алтынға баланған салыдан бөлек бау-бақша, мал азығындық дақылдарының егістік көлемін ұлғайтуға бетбұрыс жасалады. Соның нәтижесінде малшылар қауымының ертеңге деген қамқаракеті алға қарыштағаны байқалады.

1973-1974 жылы «Майдакөл» ауылдық кеңесінің төрағасы қызметінде болған Киекең, 1974 жылдың алғашқы айында жаңадан құрылған «Майдакөл» совхозына директорлық лауазымға тағайындалады. «Мың қосшыдан, бір басшы» дегендей бүкіл ауылдың қатқабат тіршілігін алға сүйреу жүгі мойнына түскеннен кейін жауапкершілікті күшейтуге тура келеді. Дереву басшылық аппаратындағы жауапты мамандар шақыртылып, барлығының қызметтік бөліністері нақтыланады. Бас экономист Жұмағұл Алмағанбетов, бас есепші Сақи Әлшоразов, бас агроном Амангелді Аманбаев, бас инженер Жақсылық Орынбасаров, бас зоотехник Алмас Мұратбаев, прораб Ерсайын Тапалов, ферма меңгерушісі Кәрен Жолшиев, егіс бригадирлері: Сәрсенбай Жүргенов, Келмағанбет Ерсейітов, Құлбарақ Пайызовтармен қойын –қолтық араласуының арқасында жүйелі жоспарлар тетігі өз шешімін тауып жатты.

Ауыл – азаматымен көрікті. Жоғарыдағы аты аталған жігерлі жігіттердің ауызбіршілік танытып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруының арқасында ауылдың экономикалық өсімі жақсарды. Техникалық қуаты артып, егіндік алқап ұлғайтылып, мал басы көбейтілді. Әлеуметтік жағдайға жіті көңіл бөлініп, жаңадан кеңсе үйі, мектеп, клуб нысандары бой көтерді. Ақшаңқан үйлер көптеп тұрғызылып, қатарласқан көшелер пайда болды. Аяқсу арықтары қазылып, саялы ағаштар отырғызылды. Бүгіндері Ү.Түктібаев аулына алып баратын күре жолдың бойындағы жайдары жазда жапырақтары малына түсетін тізбектелген талдар Киекеңнің басшылығымен егілгенін ауылдастары әлі күнге ауыздарынан тастамай айтып отырады.

Даңғайыр дала қаһармандары үшін күзгі жиынтерімнің орны бөлек. Өйткені қажырлы еңбек жемісі таразы басына тартылады. Осындай молшылық маусымының аяқталар шағында майдакөлдік егіншілер белгіленген межеден шығады.

Алайда атыздарда көптеген гектар бастырылмаған күріш дестелері қалып қояды.

Сонда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы артылған астықты көршілес Кеңес Одағының Батыры Ү.Түктібаев туған Октябрь совхозының есебіне өткізіп, міндеттемеден шығуына көмек көрсетуін сұрайды. Киекең аудан басшысының өтінішін құптап, батыр шыққан ауылдың беделін түсірмеуге уәде береді.

Тілге тиек етілген тұшымды деректі Тасбөгет кентінде тұратын ауыл шаруашылығы саласының ардагері Қалиадин Достыбаев әсерлі етіп баяндағанда, директор ағамыздың қоғамдық мүдде дегенде бірдің емес, мыңның абыройын қорғауға бейім жүретін байсалды да парасатты болмысын аңғардық.

Жеті жыл бойы шаруашылықтағы табиғаттың төрт мезгілінде бір-бірімен қабаттаса атқарылатын қайнаған жұмыста ширап, шыңдалған ол, 1981 жылы Қазалы орман шаруашылығы мекемесінің басшысы тізгінін қолға алды. Онда Қазалы, Қармақшы, Арал орманшыларының орталығы - Қазалы боп саналатын. Қармақшы мен Сексеуіл стансасы аралығындағы елді мекендерді көркейту, көгалдандыру мен қоса ормантоғай байлығын қорғауда осындағыларға жүктелген.

Табиғат қорғаушыларының белгіленген шаруаға деген тастүйін қамы көктем мен күз айларында қызады. Күзде қарақұм беткейіндегі ыңғайлы жерлер жыртылып, сексеуіл егуге дайындалады. Қазан айының ортасынан ауа бере өсімдік өскіндерінен тұқым әзірленіп, арнайы белгіленген алапқа орналастыру басталады.

Мұнан басқа елді мекендерді көгалдандыруға арналған ағаш көшеттерін өсіретін – питомник жасалады. Оған түрлі саялы және жеміс ағаштары тігіліп, бағым-күтімге алынады.

Қызылорда қаласының тұрғыны, орман шаруашылығынан зейнеткерлікке шыққан Сақтаған Ешмахановтың: «Киекеңмен көп жыл қызметтес болғанымда қандай қиын-түйінді мәселенің де тиімді жағын оп-оңай таба қоятынын сезіндім. Сосын ол кісі ешкімге басшымын деп кезде көтермейтін. Қарапайым, бірқалыпты мінезінен танбай, жұмысшы –қызметкерлермен ашық-жарқын тіл табыса білетін. Реті келгенде әзілдесіп те алатын. Тойдомалақтарда Абайдың және халық әндерін домбырамен

нәшіне келтіре орындайтын. Айналасындағылардың қай-қайсысын да адамгершілігі мен іскерлігі арқылы бағалайтын. Жұртқа қамқорлығы мол. Қатардағы механизатор жігітті мекеменің бас механигі қызметіне жоғарылатып, сенім артқаны бар. Оның үдеден табылғанын көріп, бастықтың адам танығыштығына таңдандық», - деген жылы лебізі де кейіпкеріміздің адами келбетін жаңа қырынан аша түсті.

Киекеңнің күнделікті тұрмыста кездесіп жататын әр түрлі іс-әрекеттер үстінде ұшқырлық пен төгілдіре салған, ұтымды да күлкі шақыратын жыр жолдары баршылық. Салғырттығымыздан елеп-екшелмей жатқаны да жетіп артылады. Осындайда ардақты ағамыз ұлттық рухты айрықша қастерлеп, толғауы тоқсан туған тіліміздің нағыз жанашырларының біріне айналған екен-ау дейміз.

Ақкөңіл, ақынжанды аға қандай жауапты қызметтің басында жүргеніне қарамастан отбасы мен ондағы балалар жағдайын көңілінен таса қалдырмаған. Зайыбы Рахи-мамен сіз-бізі жарасып, алтын асықтай ұл-қыздарына саналы да тәлімді тәрбие беруге бар мүмкіндігін салудан аянбаған. «Не ексең соны орасың» демекші әдіпті әрекет босқа кетпеді. Барлығы да үлкеннің алдынан кесе өтпейтін, кішіні ренжітпейтін иман мен ақылды тең ұстай ержетті.

Өкініштісі, тұңғыштары Мейрамхан мен төртінші ұлы Бақытбек отау құрып, үйлі-баранды болған шағында кенеттен дүние салды. Бұл күндері олардан қалған ұрпақтар ата дәстүрін жалғастырып желкілдей өсіп келеді.

Мейрамханнан кейінгі Серік Киикбайұлы қазіргі таңда әке жолын қуып, Қазалыдағы орман шаруашылығы мекемесінде қызмет істеп, ұжыммен бірге ілкімді істердің ортасынан көрініп жүр. Бұдан басқа Айбосын, Бейбітгүл, Жанар, Жадыралар да таңдаған мамандықтарына сай еңбектеніп, тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне лайықты үлестерін қосуды мансұқ еткен.

Ердің атын- ел шығарады. Кезінде халқы үшін қажымай-талмай еңбек етуінің арқасында «Қазалының Киикбайы» атанып, «елім, туған жерім» деп еміреніп өткен тұлғаны кейінгі толқын жастар мен бұрынғы араласқан адамдары ардақтап, есімін мәңгілік есте қалдыру шараларын ұйымдастырып жатса нұр үстіне нұр дер едік.

Сахи ҚАПАР,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

КӨҢІЛДЕН КЕТПЕС БЕЙНЕҢІЗ...



Тоқтаусыз өмірдің ешкімге мәңгі серік болма-сын білсек те, аяулы жар, ардақты ана Мейірманова Ғалия Тотанқызының арамыздан кеткеніне қырық күн болғанына әлі де көңіл сенер емес. Жалған дүние-ай, өткен күннен алыс жоқ деген рас екен-ау. Шарасыз қалған шерменде көңілдің дертін ендігі оның

мәңгілікке қалдырған өнегелі ісімен жұбатамыз.

С аналы ғұмырын білім беру саласына арнаған ол еңбек жолын 1971 жылы «Шәкен» бастауыш мектебінің мұғалімі болып бастады. 1971 - 1972 жылдары «Амангелді» бастауыш мектебінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1973 жылы Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектептің, Ы.Алтынсарин атындағы №421 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етті. 1981 жылы Қазалы қаласындағы №17 орта мектептің бастауыш

сынып мұғалімі болса, 1989 жылы Ленинск қаласындағы №6 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі болып қажырлы қызмет атқарды. Тынымсыз еңбегінің арқасында түрлі марапат алып, әр жылдары құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарға ие болды.

Алладан келген өмірге енді көнесің, Қадірлі едің, санадан өшпес елесің.

Жанарымыздың теңіз еттің де тамшысын,

Қайта оралмайтын келместің міндің кемесін.

Барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, көрші қолаңды үстіміздегі жылғы шілденің 15-і күні сағат 12.00-де Әйтеке би кенті, Мұстафа Шоқай көшесі, №67 үйде өтетінаяулы анамыздың қырық күндік садақасына шақырамыз.

Еске алушылар:
Шүреновтер әулеті

● Маманның кеңесі

ЖЕДЕЛ ІШЕК АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Жедел ішек ауруы – жедел ішек инфекциясы тобына жататын дерт. Бұл ауруға көп жағдайда ересектерге қарағанда балалар жиі шалдығады. Ауру науқастың тамаққа тәбетінің нашарлауы, бастың айналуы, әлсіреуі, іш өтуі, құсуы, дене қызуының көтерілуімен байқалады. Ауру асқынған жағдайда балалардың өліміне дейін әкеліп соғуы мүмкін.

Тұрғындардың жедел ішек ауруына шалдығуы – бала күтімінің нашарлауы, жеке бас гигиенасы мен тағамдардың сақталу ережелерінің бұзылуынан болады. Әсіресе, термиялық өңдеуден өтпеген тағамдар қауіпті болып табылады. Ондай тағамдарға салаттар, крем қосылған кондитерлік тағамдар немесе жеміс-жидектер жатады.

Тоңазытқышы жоқ, жай сөрелерде, өнімнің шыққан және сақтау мерзімі көрсетілмеген, белгіленбеген сауда

(көшелерде) орындарында тағамды сатып алмауға кеңес береміз, сатушыдан сатылатын тағамның сапа куәлігін сұраңыз.

Сонымен қатар, жуылмаған жеміс-жидектер мен көкөністерді пайдалану аурудың таралуына бірден бір себеп болып табылады. Тағамның дайындалуына, сақталуына аса көңіл бөліп, тез бұзылатын тағам түрлерін тоңазытқышта сақтау керек. Иісі мен дәмі өзгерген азық-түліктерді пайдаланбау қажет.

Балаларды жедел ішек инфекцияларынан сақтау үшін қарапайым санитариялық – гигиеналық ережелерді сақтаңыз, яғни балаларды тамақтандыра алдында қолын міндетті түрде сабындап жуып, жеке бас гигиенасы ережесіне аса көңіл бөліңіз. Баланың әрбір затын, ойыншықтарын, бөтелкесі мен емізіктерін таза жағдайда ұстау қажет.

Балалар міндетті

түрде қайнаған су ішуі қажет. Ас дайындау, ыдыс жуу және ауыз су үшін ашық айдындардың, арықтардың суын пайдаланбаңыз. Асшаралдында және дәретханадан соң қолыңызды сабындап жуыңыз.

Жұқпалы ішек ауруымен күресу – бәріміздің ортақ міндетіміз. Қоғамда әрбір азамат жеке бас гигиенасы мен қоршаған орта тазалығына жете назар аударса, жедел ішек ауруымен ауыратын науқастар саны төмендеп, эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруы сөзсіз.

Жұқпалы ішек ауруының алғашқы белгілері білінісімен, дер кезінде аймақтық дәрігерге көрініп, аурудың алдын алған жөн.

С.АҚБАЕВА,
Қазалы аудандық санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

● Оқырмандардың сұрауы бойынша

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША НАМАЗ ОҚУДЫҢ ШІЛДЕ АЙЫНДАҒЫ КЕСТЕСІ

	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Шам	Құптан
1. /Сн	03:05	05:02	12:58	18:22	20:48	22:45
2. /Жк	03:06	05:02	12:58	18:22	20:48	22:45
3. /Дс	03:07	05:03	12:59	18:22	20:48	22:44
4. /Сс	03:08	05:04	12:59	18:22	20:48	22:43
5. /Ср	03:09	05:04	12:59	18:22	20:47	22:43
6. /Бс	03:10	05:05	12:59	18:22	20:47	22:42
7. /Жм	03:11	05:06	12:59	18:22	20:46	22:41
8. /Сн	03:12	05:07	12:59	18:22	20:46	22:40
9. /Жк	03:14	05:07	13:00	18:21	20:46	22:39
10. /Дс	03:15	05:08	13:00	18:21	20:45	22:38
11. /Сс	03:16	05:09	13:00	18:21	20:44	22:37
12. /Ср	03:18	05:10	13:00	18:21	20:44	22:36
13. /Бс	03:19	05:11	13:00	18:20	20:43	22:34
14. /Жм	03:21	05:12	13:00	18:20	20:43	22:33
15. /Сн	03:22	05:12	13:00	18:20	20:42	22:32
16. /Жк	03:24	05:13	13:00	18:19	20:41	22:31
17. /Дс	03:25	05:14	13:01	18:19	20:40	22:29
18. /Сс	03:27	05:15	13:01	18:19	20:39	22:28
19. /Ср	03:28	05:16	13:01	18:18	20:39	22:26
20. /Дс	03:30	05:17	13:01	18:18	20:38	22:25
21. /Жм	03:32	05:18	13:01	18:17	20:37	22:23
22. /Сн	03:33	05:19	13:01	18:17	20:36	22:21
23. /Жк	03:35	05:21	13:01	18:16	20:35	22:20
24. /Дс	03:37	05:22	13:01	18:15	20:34	22:18
25. /Сс	03:39	05:23	13:01	18:15	20:33	22:16
26. /Ср	03:40	05:24	13:01	18:14	20:32	22:15
27. /Бс	03:42	05:25	13:01	18:14	20:30	22:13
28. /Жм	03:44	05:26	13:01	18:13	20:29	22:11
29. /Сн	03:46	05:27	13:01	18:12	20:28	22:09
30. /Жк	03:47	05:28	13:01	18:11	20:27	22:07
31. /Дс	03:49	05:30	13:01	18:11	20:26	22:06

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Бұл өте жиі кездесетін жағдай. Қателіктің үлкені де осы. Себебі бала мектеп қабырғасында ең жақсы оқитын сабағын мамандығым деп түсінеді және сол пән бойынша емтихан тапсырады. Тек оқуға түскен кезде барып, ішкі әлемінің нақты не қалайтынын тапқандай күйде болады. Осыдан кейін маманның психологиясы бұзылады, күйзеліске түседі. Тіпті артық шығын жасап, екінші рет емтихан тапсыруға дейін барады.

Мамандық материалдық мәселені шешеді деп түсіну. Бұл – ақымақтық. Өзің қаламайтын және өзің сүймейтін мамандыққа тек ақша үшін, болашағы бар деп қана бару үлкен қателік. Себебі маман ол жерде тек ақшаны көруге тырысады. Оқу бітіре салып үлкен қызмет, көп ақша талап етеді. Ал мұны жекеменшік жұмыс орындар көтере алмайды. Тағы да далаға кеткен еңбек.

Адам мамандық деген дүниеге бір нүктеден қарамауы керек. Жан-жақты қарай білген, оны сезіне білген адам ғана толыққанды маман бола алады. Ал толыққанды маман мемлекеттің де, отбасының да, ата-ананың да қуанышы болары анық.

Мамандық таңдауда ақыл мен жүректі бірдей тыңдау керек! Елімізде сауатты мамандар көбеюі үшін мамандық таңдауда қателеспеген дұрыс.

Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.